

Ақтөбе облысы Қобда ауданы бойынша жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы № 1 шешімі. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімінің 2026 жылғы 20 наурыздағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімінің 20.03.2026 № 3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабындағы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабындағы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына, Қобда ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс шұғыл отырысының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 1 хаттамасының негізінде ШЕШТІМ:

1. Ақтөбе облысы Қобда ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды өткізуге төтенше жағдайлардың алдын алуға басшы етіп өзімді тағайындаймын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2024 жылдың 28 наурызынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

І. Тынымгереев